

ЖАҒЫМДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

«Шақпақ» негізгі орта мектебінің педагог-психолог маманы Нурматов Нұрлыбек мектеп ұжымында мұғалімдерге жағымды психологиялық қарым-қатынас орнату жаттығу сабағын өткізді.

Сабақтың мақсаты мұғалімдердің көңіл-күйлерін көтеру, жұмысқа деген ынталарын арттыру, өздеріне құрметпен қарау, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату болып табылады.

Жаттығулар 6-бөлімнен тұрады:

1. Сәлемдесу;
2. Жылылық сыйлау;
3. Аялы алақан;
4. Достық алақаны;
5. «Біз бір ұжымбыз» бірлесіп сурет салу;
6. Релаксация «Сенімділік» /Өуенді терапия/.

«Бақыт деген не?» деген сауалдың «Бақыт деген таңертең жұмысқа, көшкісін үйге асығу» деген жауабын естіген шығарсыз. Расында да, сүйікті жұмысымызға, қызметтерімізге ақ көңілімізбен асығып жетсек, жұмыстан соң жылы ұямыздың шуағына кенелу үшін асыққанымыз, көңіліміздің тыныштығын білдірмей ме? Осындай сұрақтар ортаға салынып, талқыланып, пікір-алмасты.

Жаттығу соңында барлық ұжым қызметкерлері бір-біріне, отбасыларына амандық, жұмыстарына сәттілік тілеп, жақсы көңіл-күймен тарасты.

Н.Нурматов, «Шақпақ» негізгі орта
мектебінің педагог-психологы



дәрежеде де
ауруханалар

Қазіргі таң
алаңдатуда. Е
жеке адамдар
дұрыс сақтам

Қазіргі уақ
басталып үйл
көптеген елді
отын пештері
болатын бол
ішіне көмір қ
екенін тұрғын
белгілі көмір
газы бөлінеді
өміріне қауіп
мұржасын таз

Сонымен
тұтынатын ел
жылға артып
болғанымен т
қауіпсіздік ер
жағдайларға

Құрметті а
болдырмау, с
ұмытпайық.